

Көше атын беру туралы

Күшін жойған

Жылыой ауданы Жаңа Қаратон поселкелік округі әкімінің 2008 жылғы 28 қазандағы N 46 шешімі. Жылыой аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 25 қарашада N 4-2-100 тіркелді. Күші жойылды - Жаңа Қаратон поселкелік округі әкімінің 2010 жылғы 06 желтоқсандағы N 69 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Жаңа Қаратон поселкелік округі әкімінің
2010.12.06 N 69 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына және мұнайшы, геолог-барлаушы, бұрғышы, есімі елге танымал адамдардың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Аудандық ономастикалық комиссияның 2008 жылғы 3 наурыздағы N 3 ұйғарымының қорытындысына сәйкес **ШЕШІМ Е Т Е М І Н :**

1. Жаңа Қаратон поселкесінің N 16-N 64, N 66-N 74, N 197-200, N 207-N 210, N 319, N 323-325, N 332-N 334, N 339-341, N 348-351, N 713a-б, N 715a-б үйлері аралығындағы көше Мұнайшы, бұрғышы Боран Ержановтың есімі берілсін.

2. Жаңа Қаратон поселкесінің N 211-N 217, N 258-N 259, N 271-N 274, N 320-N 322, N 387-N 391, N 394, N 418-419, N 455-465, N 511-514, N 564-N 571 үйлері аралығындағы көше Мұнайшы Базарбай Мұқановтың есімі берілсін.

3. Жаңа Қаратон поселкесінің N 718a-б, N 721a-б, N 724a-б-N 725a-б, N 729a-б-N 730a-б, N 739a-б-N 740a-б, N 750a-б-N 751a-б, N 772a-б-N 774a-б, N 800a-б-N 803a-б, N 833a-б, N 838a-б, N 845a-б, N 847, N 866a-б-N 867a-б, N 872a-б-N 874a-б, N 877a-б-N 879a-б, N 882 үйлері аралығындағы көше Мұнайшы, геолог-барлаушы Балағұл Рзиевтің есімі берілсін.

4. Базарбай Мұқанов, Балағұл Рзиев және Боран Ержанов есімдері берілген көше тұрғындарына көшені ауылдағы үлгілі көшеге айналдыру, көше тәртібі мен т а з а л ы ғ ы н с а қ т а у ұ с ы н ы л с ы н .

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Поселке әкімі

Д. Нұртазин